

Торайғыров университеті
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университет

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 3 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

Бас редакторы – главный редактор

Бегентаев М. М.

д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Абибуллаева А.,

д.п.н., профессор

Бурдина Е. И.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JDAQ5171>**Л. Н. Ибраимова, Ф. А. Серікбаева**

М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ

Мақалада орта ғасыр ойшылы Әл-Фарабидің жастарға адамгершілікке тәрбиелеудің моральдық-этикалық жақтары қарастырылып, ғұламаның ізгілікке баулу туралы көзқарастары айтылған. Әл-Фараби зерттеулеріндегі этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударғандығы және этиканың зерттеу объектісі-мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты дәлелдеген. Әл-Фарабидің этиканың ең жоғары категориясы-бақыт болып табылатындығы мен ол адам бойындағы ақыл-парасатты этикалық-адамгершілік қасиеттерден бөліп қарауға болмайды деген пікірі айтылған. Ақыл мен адамгершілік, қайырымдылық өзара табиғи түрде байланысып жатқан құбылыстар екенін түсіндіреді.

Сонымен қатар мақалада жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлы ғұламаның еңбектеріне сілтеме жасалынып, ізгілік асыл қасиетті қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Әл-Фараби мұралары арқылы оқушыларға адамгершілік тәрбиесін беру мен оқытудың мақсаты, әдістемесі, білімнің беріктігі, жүйелілігі, оқытудың қолжетімділігі, көрнекілігі қамтылған, оқушының белсенділігі мен мақсатқа ұмтылушылығына көңіл бөлінген. Мақалада әл-Фарабидің адам мінезі туралы құнды пікірі өзекті баяндалады. Сонымен қатар, ғұламаның «Бақытқа жету жайында» еңбегіндегі тұлғаның адамгершілік сапалары қарастырылады.

Кілтті сөздер: тәрбие, адамгершілік, ізгілік, шындық, жақсы, жаман ғұлама, адамгершілік тәрбие, адам, бақыт.

Кіріспе

Ұлы Дала еліндегі бүгінгі тәрбиенің басты мақсаты- адамзат мәдениетінің сан ғасырлық өркениеттік жетістіктері мен ұлттық рухани, мәдени байлықтарды кіріктіре отырып меңгерту, жастарды нарықтық экономикаға бейімделген, кез келген тұтқиыл жағдайлардан жол тауып шыға

алатын ынталы да, іскер, табанды да талантты, Отанын сүйетін ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу болып табылады.

Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттік» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан – жас, көп ұлтты, болашағына сенімді және қарқынды дамып келе жатқан мемлекет! Біз тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдық даму жолынан өттік. Алдағы 25 жылда бұдан да биік белестер күтіп тұр. Мемлекет құру жолында теңдессіз, мол тәжірибе жинап, жаңа кезенге қадам басып отырмыз. Алдымызда қандай қиындықтар кездесе де, оларды еңсере алатынымызға сенімдімін. Біздің басты күшіміз – бірлікте. Қазақстанды кейінгі ұрпақ үшін бұдан да өсіп-өркендеген елге айналдырамыз!» – деп, еліміздің жарқын болашағына болжам айтып өтті [1].

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа және жастарға адамгершілік тәрбие беру төмендегідей мәселелерді қамтиды: адамның қоғаммен тығыз байланыстылығын, оған тәуелді екенін, өзінің мінез-құлқын қоғамның мүдделерімен үйлестірудің қажеттігін сезіну, адамгершілік мұраттарымен таныстыру, қоғамның талаптарымен, олардың заңдылықтарымен және адамгершілік туралы білімдерін адамгершілік сезімдерге айналдыруды көздеумен қатар адамның адамдарға құрметпен қарауын қарастырып, олардың адамгершілік дағдыларын қалып-тастыру мақсатын көздеу.

Қазақ халқында балаға адамгершілік тәрбиесі халықтың сан ғасырлық тарихымен тығыз байланысты болып, осы уақытқа дейін дәстүрлі тәрбие құндылықтарын жоғалтпай жалғасып келеді. Сонда адамгершілік тәрбиесі жүйелі болған, өйткені тәрбиеге әке-шеше, ата-әже, ағайын-туыс, көрші-қолаңның бәрі араласып, бәрі де балаға ортақ қамқорлық жасап, оның бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіріп отырған. Сайып келгенде қазақ халқында адамгершілік тәрбиесі халықтық педагогика арқылы үздіксіз жүргізген үрдіс, ол адамда өмір бойы жалғасып отырған. Сондықтан егемен елімізде адамгершілік тәрбиесін беру қазақ этнопедагогикасы ғылымының зерттеу нысанасы- халықтық педагогика арқылы жүзеге асырылуы тиіс – ең басты мәселелердің бірі.

Әл-Фараби мұралары арқылы оқушыларға адамгершілік тәрбиесін беру мен оқытудың мақсаты, әдістемесі, білімнің беріктігі, жүйелілігі, оқытудың қолжетімділігі, көрнекілігі қамтылған, оқушының белсенділігі мен мақсатқа ұмтылушылығына көңіл бөлінген.

Орта ғасыр ойшылы Әл-Фарабидің зерттеулерінің нысаны– жастарға ізгілік, адамгершілік тәрбиесін беру.

Тәрбиелеу дегеніміз – жеке адамның кісілігін қалыптастыру деп көрсетеді. Әл-Фараби тәрбие әрекетінде қатты әдіс (қатандық) пен жұмсақ

әдісті (жұмсақтықты) ұштастыра білуді ұсынады. әл-Фараби алдымен «Қайырымды қала» идеалы гуманистік және адамгершілік бағдар екендігін жүйеледі. Ғұлама еңбектерін зерттеп зерделей отырып күтілетін нәтиже – қазіргі қазақ мектептерінде қазақ этнопедагогикасы материалдарын (ауыз әдебиеті шығармалары, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ұлттық мәдениет түрлері, ұлттық ойындар) оқу-тәрбие үрдісіне ендіру, солар арқылы оқушыларға адамгершілік тәрбиесін беру болып саналады.

Қазақстанда жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінде оқушыларға адамгершілік тәрбиесін беру мәселесі зерттеуді екі кезеңге бөліп қарастыру керек. Біріншісі, Кеңестік дәуірде оқушыларға адамгершілік тәрбиесінің коммунистік мораль арқылы жүзеге асырылғаны, ол мәселе Э. А. Урунбасарованың «Развитие теории нравственного воспитания школьников в истории педагогика Казахстана (60-е гг. – XIX в. – 90-е XX в.)» докторлық диссертациясында сипатталынған [2]. Екінші кезең қазақ елі егемендік алғаннан бергі оқушыларға адамгершілік тәрбиесін беру мәселесі. Ол мәселе бойынша бірнеше кандидаттық және бір докторлық диссертация қорғалғанын анықтадық. Р. Төлеубекованың «Бастауыш класс оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану» кандидаттық диссертациясында бастауыш класс оқушыларын қазақ халқының дәстүрлері арқылы адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі қарастырылады. Проблеманың педагогикалық-психологиялық мәні, халықтық дәстүр негізінде жасалған арнайы «Адамгершілік тағылымы» бағдарламасы бойынша балаларды адамгершілікке тәрбиелеу жолдары берілген [3].

Бірде-бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Қай ел, қай халықтікі болмасын, озық тәжірибені жатсынбай қабылдағаны дұрыс. Өзге емес, өз ғұламамыз, IX–X ғасырларда 100-ден астам ғылыми еңбектер жазып, «Шығыстың Аристотелі» атанған Әбу Нәсір Әл-Фараби бабамыздың халықтық педагогика саласындағы еңбектерінде адам атаулыны гуманистік ізгіліктерге баулу мәселесі кеңінен сөз етіледі. «Ақылды болу үшін ғылым менгеру, өнерге жетілу қажет. Бұл – бақыттың бастауы. Адам алдымен ойлы, парасатты болуға, ақыл-ойдың жан-жақты дамуына көңіл бөлуі қажет. Бақытты болу, кәмелетке келу, қоғамдық құрылысты жақсарту – барлығы да білімдікке байланысты» – дейді. Ізгілік турасында дана бабамыздың: «Шын мағынасындағы білімділік тамаша ізгілік сипат» – деген ұлағатты пікірін мойындай отырып, жас ұрпақты білім нәріне қандыру да педагогтық парызы екенін ұмытпағанамыз абзал.

«Ұстаз ескерер тағы бір жәйт, – дейді Әл-Фараби, – бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, ұнамсыз қылықты болдыртпау, онда жақсы

сипаттардың тәрбиеленуіне мүмкіндік беру». Педагогикалық пікірлерінде Фараби, әсіресе, мінез тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. «Мінезділік – бақытты болудың басты шарттарының бірі. Кейбір адамдар қолдағы бақытынан ойнай айырылып қалады, кейде бақытсыздыққа ұшырайды. Оны мұндай күйге түсіретін өзінің нашар мінезі. Сондықтан, жаны мен тәнін тәрбиелеуді бесіктен бастаған абзал», – дейді ғұлама бабамыз Әл-Фараби [4].

Қанша азап шексе де адам баласының түпкі мақсаты, қайырымды қоғам орнатып, өзінің тіршіліктегі бақытын табу. Сондықтан, шамасы жетсе, қайырымды іс істеуден артық еш нәрсе жоқ екенін әркім біледі. Бірақ, адамдар айналасындағы жайсыз жағдайлардың әсерімен және ұрпақ тәрбиесіндегі келеңсіз тәлімдердің салдарынан қайырымдылық атаулыға қас, қарама-қарсы мінез-құлықтарды бойына сіңіреді. Сонан келіп, өмір-тіршілігімізде жиі кездесетін жақсы мен жаман адамдардың пайда болатынын білеміз.

Мәселен, халық ұғымында адам баласының мінез-құлығына тәрбие мен тәлім арқылы тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, аса күдіретті, мол адамшылық атаулының бір көрінісі. Шындық пен Әділет... Иә, қайырымсыз қоғамда... шындық пен әділеттің жолы тым алыс болмақ. Өйтсе де, ол екеуінің аркалаған абыройлары да аз емес. Өмірдің шындығы болса, тіршіліктегі әділет атаулы сөзсіз содан туындап жатады. Ендеше, шыңыраудың түбінде шындық қана сақталмақ. Бірақ оны танудың өз қиындықтары бар.

Шындық – біреу ғана болғанымен, оның мың сан түрлі қырлары көп. Сондықтан ол сағым тектес... тіпті бұл өмірде жоқ сияқтанып та көрінуі мүмкін. Өйткені, әр адам шындықтың мың сан түрлі қырының... біреуін ғана көріп, басқа қырларын байқай алмайтындығы жиі кездеседі. Осыдан келіп, бір адам шындықтың бір қырын, екіншісі – екінші қырын көріп, әрқайсысы өзінің, ғана көре білген шындығын айтып, бір-бірімен келісе алмай, дау-дамайға ұшырайды. Кейде қатты кеткен даудың аяғы аса үлкен соқтығыстарға да апарды. Сайып келгенде, бір қарағанда екеуінің де дұрыс, ал екінші қырынан қарағанда – екеуі де кінәлі болып шығады. Мінеки, мұның бәрі ақыл мен білімнің шалақтығынан туындайтындығынан барында жылдамдық ұғынып, тезірек түсінгеніміз жөн. Халқымыздың даналығына сүйенсек: «...Көзі соқырдан көрі, көкірегі соқыр жаман» – деген ғой. Бұл тіршілікте әртүрлі жағдайлармен дұрыс тәрбие ала алмаған «көкірегі соқырлар» тым көп. Сондықтан да өмір шындығының асқар таудай ұлы көріністері, олар үшін күнделікті ішіп-жегендерінен артық емес сияқтанып көрінеді. Егер шындық адам бейнесіне еніп, көкіректері кер тобырдың ортасына түссе, оны топастықтың кара күйесі қымтап алып, ыстандырып жіберері хақ. Қазақ баласының парасаттылық, имандылық, нәзіктік, ақылдылық, іскерлік, ізгілік тәрбиесінің маңыздылығына аса құнды мұралар арнаған ғұламалар Ибн Сина, Әл-Фараби, сонау көне түркі жазуымен тасқа қашап жазған

ескеркіш «Орхон-Енисей» жазуларынан бастап, Омар Хайям рубайлары, түркі тлдес халықтардың бөріне өшпес мұра қалдырған Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Иассауи, Ахмет Жүгінеки, Қыдырғали Жалайыри, Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының тәрбиесінде алатын орны ерекше.

Дүниежүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан, ойшыл, әмбебап – ғалым, өз заманындағы белгілі ғылым салаларының менгеріп, олардың дамуына өзіндік үлес қосып, өшпес із қалдырған Әбу Насыр Әл-Фарабидің еңбектерімен таныса отырып, оның педагогикалық мұрасында жеке тұлғаның адамгершілік тәрбиесі басты орын алатындығын анықтадық.

Әл-Фараби тұлғаның адамгершілік тәрбиесіне байланысты әлеуметтік-этикалық трактаттар жазып, адамдардың арасындағы адамгершілік қатынастардың болуы мен адамгершілік мінез- құлықты игеру мәселесіне ерекше мән берген. Оның «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жайында», «Қайырымды қала (ел) тұрғындарының көзқарастары», «Кенес (танбих) кітабы» деп аталатын ғылыми еңбектерінде адамгершілік сапаларға сипаттама беріліп, оны қалыптастырудың әдіс-тәсілдері мен жолдары көрсетілген. Әл-Фараби өз зерттеулерінде этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударып отырған. Этиканың зерттеу объектісі- мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан- жақты дәлелдеген. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, этиканың ең жоғары категориясы- бақыт болып табылады. Сондай- ақ, ол адам бойындағы ақыл-парасатты этикалық-адамгершілік қасиеттерден бөліп қарауға болмайды деген пікір айтады. Ақыл мен адамгершілік, қайырымдылық өзара табиғи түрде байланысып жатқан құбылыстар екенін түсіндіреді.

Әл-Фараби «кез келген адамның қалайтыны, мақсаты бақыт болып табылады» деп көрсете отырып, осы бақытқа жетудің жолы адамның бойында ізгілікті қасиеттердің қалыптасуы деп біледі: «Біз жақсы мінез-құлық пен ақыл-парасатқа ие болған кезде солардың арқасында міндетті түрде бақытқа жетеміз... Бұл екеуі бар кезде біздің өзіміз және іс- әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз шын мәнінде қастерлі, қайырымды, инабатты боламыз». Ғұламаның пікірінше, ізгіліктің екі түрі бар: интеллектуальдық және этикалық. «Интеллектуальдық бұл жанның парасатты бөлігінің ізгіліктері, олар даналық, парасат, зеректік, ақыл ұшқырлығы, зейінділік. Этикалық – бұл жанның ұмтылғыш бөлігінің ізгіліктері, олар сабырлық, батырлық, жомарттық, әділдік» [4].

Әл-Фараби өзінің әлеуметтік-этикалық трактаттарында адамның бойындағы жақсы және жаман мінез-құлықтарға сипаттама бере отырып, солардың негізінде адамның жасайтын әрекеттерін анықтайды: «Жақсы мінез-құлық беретін әрекеттер – әдепті кісілерде болатын әрекеттер. Жаман

мінез-құлық беретін әрекеттер болса, әдепсіз кісілердің іс-әрекеттері болып табылады» [4].

Ғұламаның «Бақытқа жету жайында» атты еңбегінде тұлғаның адамгершілік сапалары мен оны қалыптастырудың әдіс-тәсілдері, жолдары көрсетіледі. «Енді біз жақсы адамгершілік сапалар туралы, сондай-ақ осылардың негізінде туатын және мораль саласында ең абзалы болып табылатын нәрсеге қарай ойымызды сілтейтін мінез-құлық туралы әңгімелегеніміз жөн» дей отырып, әрбір адамшылық қасиет туралы, оның тең ортаға түсуі, шектен шығуы немесе жетіспеуі қандай әрекеттерге апаратынын негіздейді, мінез-құлықтағы кемшіліктерді орта шамаға келтіру арқылы түзету жолдарын ұсынады. «Доскерлік адамшылықтағы жақсы қасиет, бұл өзі адамның басқа адамдармен тиісті шамада қарым-қатынас жасауынан туады, осының арқасында ол өзінің жүріс-тұрысынан, сол адамдармен әңгімесінен жақсы лаззат алады [5]. Бұл жөнінде артық кету – жарамсақтыққа соғады, ал достыққа кемтар болу – төкаппарлыққа итереді. Ал енді осы ретте ол басқаны ренжітетін іс жасаса, онда бұл дұрдараздыққа апарып соқтырады» – деген сияқты, «ержүректілік», «жомарттық», «ұстамдылық», «сөзге тапқырлық», «шыншылдық» қасиеттеріне мазмұндық сипаттама береді. Сонымен бірге адам бойындағы жақсы және жаман-мінез құлық сапаларының туа пайда болмайтынына, өмір тәжірибесі негізінде қалыптасатынына ерекше мән береді: «Этикалық ізгіліктер мен жаман қылықтар адам жанында кісілік (сападан) туатын әрекеттердің белгілі бір уақыт бойына көп рет қайталануы және оған бой үйренуі нәтижесінде пайда болып, тұрақтайды. Дәл өнердегі сияқты мұнда да ізгілікті әрекеттер қайырымдылыққа, теріс әрекеттер жаман қылықтарға бастайды, мәселен, жазу өнерінде осылай болады, бір жазумен (байланысты) әрекеттерді сан рет қайталап, оған дағдылансақ, мұнан бізде жазу өнері пайда болып, тұрақтайды, егер қайталау арқылы өзімізде дағдыға айналдырған бұл әрекеттер жаман болып шықса, біз жаман жазып дағдыланамыз, жақсы болып шықса, жақсы жазып дағдыланамыз» [5].

Енді осы бағыттар бойынша Әл-Фарабидің «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» еңбегінен ізгілік идеяларды бөліп көрсетейік. Мәселен, «Ізгілік жағынан бірауыздылық бөтенсінуге және ала ауыздықтың тууына жол қалдырмайды, өйткені ізгіліктің мақсаты бір: ол – игілік, оны адамдар басқа бір нәрсе үшін емес, соның өзі үшін тілейтін игілік. Екі (адамның) тілегі және олардың ниеті игіліктің өзі болып танылатын, олардың бұған жеткізетін жолы да бір, бұған деген сүйіспеншілігі де бір. Осындай мақсаты бір болып тұрғанда, олардың арасында еш уақытта ала ауыздық болмайды. Ала ауыздық тек тілектің әртүрлі болуынан және мақсаттың өзгешілігінен туады» .

Екінші адам бойындағы адамгершілік сапалар бойынша ғұламаның мынадай керемет тәрбиелік мәні зор идеясы бар: «Ізгілікті болып табылатын әрекеттер – екі қарама-қарсы шектің арасындағы бірқалыпты істер, ал ол екі шектің екеуі де жаман әрекеттер. Дәл сол сияқты, ізгілікте екі түрлі күйдің арасындағы рухани күйлер мен қасиеттер, ол екі шеткі күйдің екеуі де теріс жағдай. Біреуі – ысырапшылық, екіншісі – тапшылық. Мәселен, пәктік-құмарлық пен лаззат сезімінің жоқтығының аралығы, бұл екеуінің бірі – құмарлық артықшылық, екіншісі – тапшылық... Қарапайымдылық қасиет-бір жағынан тәкаппарлықтың және, екінші жағынан, ұялшақтықтың аралығындағы кісілік қасиет. Ізгілік – бір жағынан – мақтаншақтықтың, менмендіктің, атаққұмарлықтың және екінші жағынан, мүсәпірліктің аралығы. Мейірбандық – шексіз ашу мен (адамның) мүлде еш нәрсеге ашуланбайтын (күйінің) аралығы. Ұялшақтық–бір жағынан» ұятсыздықтың және екінші жағынан, жасқаншақтық пен ұяндықтың аралығы. Достық көңіл – жек көрушілік пен жарамсақтықтың аралығы. Басқа (қайырымдылықтардың) бөрінде де істің жай осындай .

Адамның ізгілікті және теріс әрекеттері- жақсы және жаман мінез- құлық дағдысын қалыптастыру негізі екендігін Әл- Фараби өзінің мынадай тәлімдік-тәрбиелік ой-пікірлері арқылы дәлелдейді: «Адамның игі қылықтары мен жақсы әрекеттерін жүзеге асыруға көмектесетін жан қасиеттері – ізгілікті қасиеттер, ал адамның пасық істер мен оңбаған әрекеттер жасауына себепші болатындары – сұрқиялық, кемістік немесе опасыздық болып шығады» [5].

Ізгіліктерге түрлі әдістермен жетуге болады: оқытумен, тәрбиелеумен, сендірумен. Олардың қолданылуына байланысты Фараби адамдарды халыққа, бұқараға және ғалымдарға бөледі... Ізгілікті пайғамбарлар, әулиелер, діндарлар бейнелерімен байланыстыратын исламдық ілімге қарама-қарсы, Фараби ізгіліктерге барлық адамдар жете алады, тек оларды қабылдау тәсілдері әртүрлі деп оқытты. Зерде, бақыт және ізгілік Әл-Фараби ілімінде, жоғарыдан бұйрықты күтпей-ақ, адам ұмтылуға міндетті және өз күштерімен жете алатын, адамдық болмысқа тән гуманистік ұстындар болып табылады.

Тәрбие әдістерін дұрыс таңдап алу тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеудің кепілі екендігін ең алғаш Әл- Фараби бабамыз өз еңбектерінде тұжырымдаған болатын. Оның дәлелі ретінде ғұламаның еңбектерінен құндылығы жоғары педагогикалық идеяларды молынан көрсетуге болады. Ол «Ұғымталдықтың түрі көп болады. Үйдің істерін басқару тәсілдері жөніндегі тамаша пайымдау – бұл отбасындағы пайымдағыштық. Қалаларды басқарудың неғұрлым қолайлы тәсілдері туралы тамаша пайымдау- бұл мемлекеттік пайымдағыштық. Бақытқа жетудегі пайдалылығына және қажеттілігіне қарай байлық, ұлылық және басқа сондайлар сияқты адамзат игіліктерін табу жолымен жақсы тұрмысқа жетуде ненің қолайлы, лайықты болатыны жайындағы тамаша пайымдау. Кеңесумен

байланысты болатын, атап айтқанда, адам өзінің пайдалануы үшін емес, үйді, қаланы немесе тағы сондайды басқару ісінде басқаларға кеңес беру табатын ақыл да сондай. Ерекше (қабілет), атап айтқанда, жауға немесе жалпы бақталасқа қарсылық көрсету және оны тойтару тәсілдері жөнінде дұрыс, жақсы көзқарасты таңдап ала білу қабілеті де сондай. Сірә, адамға өзіне қатысты барлық істе азды-көпті пайымдағыштық қажет болса керек. Бұл адамның өзі шұғылданатын іске байланысты: ісі зор немесе үлкен болса, оған неғұрлым күшті және жетік пайымдағыштық керек болады, ал егер ісі кішкене немесе маңызсыз болса, оған болмашы пайымдағыштық да жеткілікті. Пайымдағыштықты қатардағы қарапайым адамдар ақыл деп атайды. Егер адамға осындай күш тән болса, жұрт оны ақылды деп атайды» [5] дей отырып, қандай да бір тәрбиенің әдіс-тәсілдерін таңдап алуда терең ой-сананың, ақыл-парасаттың қажеттілігін көрсетеді.

Бұл бүгінгі таңда педагогиканың негізгі аксиомасы болып табылады.

Қорытынды

Ғұламаның жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеуде ұсынған әдістерінің бірі тең орта шаманы табу болып табылады: «Тең орта шаманы табу алғаш қарағанда өте қиын болғандықтан, адам өзінің мінез-құлқын нормаға келтіруге немесе мүмкіндігінше нормаға жақындатуға бағытталған амалдарды пайдаланады... Мінез-құлықтың орташа шамасына жету үшін қолданылған амалдар өзімізде дағдыға айналған мінез-құлықты қарастыру болып табылады, егер мінез-құлқымызға тән нәрсе артық кету болса, онда біз өзімізді осының қарама-қарсысынан, атап айтқанда, жетімсіз болудан түсетін әрекеттерге баулимыз, егер мінез-құлқымызға жетімсіздік тән болса, онда өзімізді артық кетуге сәйкес әрекеттерге баулимыз. Біз осыны біраз уақыт жасаймыз. Сонан соң өзімізде қандай мінез-құлық қалыптасып шыққанын ойластырып қарастырамыз» [6].

Осылайша Әл-Фарабидің еңбектерінен адамгершілік тәрбиесі туралы өте құнды идеяларынан мысалдар келтіруге болады. Осындай тәлімдік ой-пікірлер арқылы қазіргі таңда педагогика пәнінен білім беру мазмұнын жаңарту, толықтыру және байыту ұрпақ тәрбиесіне игі әсерін тигізетіні анық. Сондықтан педагогика салалары бойынша оқытылатын пәндердің білім беру мазмұнын терең талдап, Әл-Фарабидің адамгершілік тәрбие туралы идеяларын тақырыптарға сәйкес пайдалануды әрбір оқытушының міндетіне айналдыру аса қажет.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Назарбаев, Н. Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». – Астана, 31 қаңтар, 2017.

2 **Урунбасарова, Э. А.** Развитие теории нравственного воспитания школьников в истории педагогики Казахстана (60-е гг. XIX в. -90-е гг. XX в.). – Алматы, 2001.

3 **Төлеубекова, Р. Т.** Бастауыш класс оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану. Кандидаттық диссертация. – Алматы, 1994.

4 **Әл-Фараби.** Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы : Санат, 1975. – 352 б.

5 Әлемдік философиялық мұра. 4 том. Фараби мен Ибн Сина философиясы / Құраст.: Т. Ғабитов, Ғ. Құрманғалиева. – Алматы : Жазушы, 2005. – 568 б.

6 Қазақ халқының философиялық мұрасы. 2 том. Әл-Фараби философиясы / Құраст.: Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева. – Астана : Аударма, 2005. – 480 б.

7 **Әлсатов, Т. М.** Қазақ хандығы тұсындағы тәлімдік ойлардың дамуы (XV–XVIII ғғ.). – Алматы : Ғылым, 1999. – 198 б.

8 **Көбесов, А.** Сөнбес жұлдыздар. – Алматы: Жазушы, 1973. – 156 б.

9 Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1973, II-том. – 12 б.

10 Қазақ тілі мінез терминдерінің салалық ғылыми республикасының түсіндірме сөздігі: салты Педагогика және спектакліндегі психология. – Алматы : «Мәдени Мектеп», ЖАҚ, 2002. – 256 б.

References

1 **Nazarbaev, N. Á.** Qazaqstan halqyna Joldaýy. «Qazaqstannyń úshinshi jańǵyruýy: jahandyq básekege qabiletilik» [Address to the people of Kazakhstan. «Third Modernization of Kazakhstan: Global Competitiveness»]. Astana, January 31, 2017.

2 **Urunbasarova, E. A.** Development of the theory of national education of schoolchildren in the history of Pedagogy of Kazakhstan (60-I GG. In the XIX century-90-e century. XXV.). – Almaty, 2001.

3 **Tóleybekova, R. T.** Bastayyush klas oqýshylaryn adamgershilikke tárbieleýde halyqytq pedagogikanyń ozyq dástúrlerin paidalaný [Use of the best traditions of high pedagogy in the moral education of Primary School students]. – Almaty, 1994.

4 **Ál-Farabi.** Áleymettik-etikalıyq traktattar [Social and ethical treatises. Almaty]: Sanat publ., 1975. – 352 p.

5 **Álemdik filosofialyq mura** [World philosophical heritage. Volume 4. The philosophy of Farabi and Ibn Sina] / comp.»I Don't Know,» He Said. – Almaty : writer, 2005. – 568 P.

6 **Qazaq halqynyń filosofialyq murasy** [Philosophical heritage of the Kazakh people]. Volume 2. Al-Farabi's philosophy / comp.»I Don't Know,» He Said.– Astana : Translation, 2005. – 480 p.

7 **Álsatov, T. M.** Qazaq handyǵy tusyndaǵy tálimdik oılardyń damýy [Development of educational thought in the period of the Kazakh Khanate (XV – XVIII centuries)] – Almaty : Nauka publ., 1999. – 198 p.

8 **Kóbesov, A.** Sónbes juldyzdar [Sondes zhuldyzdar]. – Almaty : Writer, 1973. – 156 p.

9 Qazaq Sovet ensiklopediasy [Kazakh Soviet encyclopedia]. – Almaty, 1973. – Volume II. – Page 12.

10 Qazaq tili minez terminderiniń salalyq ǵylymı respýblikasynyń túsindirme sózdigi [Explanatory Dictionary of the branch scientific Republic of behavioral terms of the Kazakh language: «I'm sorry,» he said, « but I'm sorry»] – Almaty : «Cultural School», CJSC, 2002. – 256 P.

Материал 30.09.20 баспаға түсті.

Л. Н. Ибраимова, Г. А. Серикбаева

Нравственное воспитание в произведениях Аль-Фараби

Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати,

Республика Казахстан, г. Тараз.

Материал поступил в редакцию 30.09.20.

L. N. Ibraimova, G. A. Serikbayeva

Moral education in the works of Al-Farabi

M. Kh. Dulati Taraz Regional University,

Republic of Kazakhstan, Taraz.

Material received on 30.09.20.

В статье рассматриваются морально-этические аспекты нравственного воспитания молодежи средневековым мыслителем Аль-Фараби, а также взгляды ученого на добродетели. Говорится о том, что Аль-Фараби уделял особое внимание вопросам этики и морали в своих исследованиях и подробно доказал, что объектом изучения этики являются нормы морали, поведения и этики.

Аль-Фараби утверждает, что высшая категория этики - это счастье, и что оно неотделимо от этических и моральных качеств человеческого разума. Объясняет, что разум и мораль, благотворительность - естественно взаимосвязанные явления.

В статье также делаются ссылки на работы великого ученого в области нравственного воспитания молодежи и рассматриваются вопросы формирования нравственных качеств.

Также рассмотрены цели и методы нравственного воспитания и обучения обучающихся через наследия Аль-Фараби, уделено внимание силе, последовательности знаний, доступности обучения, наглядности, активности и целеустремленности. В статье представлены ценные взгляды аль-Фараби на человеческую природу. Кроме того, рассмотрены моральные качества человека в работе ученого «О достижении счастья».

The article discusses the moral and ethical aspects of the moral education of young people by the medieval thinker al-Farabi, as well as the scientist's views on virtues. It is said that al-Farabi paid special attention to the issues of ethics and morality in his research and proved in detail that the object of studying ethics is the norms of morality, behavior and ethics.

Al-Farabi argues that the highest category of ethics is happiness, and that it is inseparable from the ethical and moral qualities of the human mind. Explains that reason and morality, charity are naturally interrelated phenomena.

The article also makes references to the works of the great scientist in the field of moral education of young people and discusses the formation of moral qualities.

The goals and methods of moral education and training of students through the heritage of al-Farabi are also considered, attention is paid to the strength, consistency of knowledge, accessibility of training, visibility, activity and purposefulness. The article presents al-Farabi's valuable views on human nature. In addition, the moral qualities of a person in the work of the scientist «on achieving happiness» are considered.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 19.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,66 Мб RAM

Шартты баспа табағы 36,5.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3701

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 19.10.2020 г.

Электронное издание

2,66 Мб RAM

Усл.п.л. 36,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3701

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz